

АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУДЕ ЖАУАП АЛУ АРҚЫЛЫ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ЖИНАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың жылдағы халыққа Жолдауында қылмыспен, сыбайлас жемқорлықпен, алаяқтықпен, заңды бұзушылықпен табанды да қатал күрес жүргізу қажеттілігін атап көрсеткен. Осыған орай құқық қорғау органдары болған қылмыстарды ашу, тергеу және алдын алудың жаңа әдістерін іздеу жұмыстарын жүргізуі қажет.

Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңмен белгіленген тәртібі — негізсіз айыптау мен соттаудан, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеулерден мүлтіксіз қорғауды қамтамасыз етуге, кінәсіз адамды заңсыз айыптаған немесе соттаған жағдайда оны тез арада және толығымен оңалтуға, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібінің нығаюына, қылмыстың алдын алуға, құқыққа құрметпен қарауды қалыптастыруға ықпал етуге тиіс деп көрсетілген¹. Сондықтан, құқық қорғау органдарына қылмыстарды тергеу мен ашуға бағытталған әрекеттерді жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Бұл орайда қылмыстық істің сотқа дейінгі өндірісіне әрбір тергеу әрекеті дұрыс жүргізіліп ондағы құжаттың айқын процессуалдық тұрғыда толтырылуы заңдылықтың және әділдіктің кепілі болып табылады.

Ішкі істер министрлігі Қалмұханбет Қасымов қабылданған оң шешімдердің нәтижесінде министрліктің жедел-қызмет саласының бірқатар бағыттары көптеген жетістіктерге жеткендігін атап өтті. Осы саланың ІІМ ведомствалық бақылауында және прокурорлық қадағалауда болуы, полиция қызметінің қылмыстарды анықтаудағы белсенділігі, әкімшілік құқық бұзушылыққа принциптік тұрғыда баға берілуінің нәтижесінде осы уақытқа дейін құқық қорғау органдарының назарынан тыс қалған маңыздылығы төмен болып есептелген мыңдаған қылмыстардың бетін ашуға мүмкіндік туды.

Ұйымдасқан қылмысты анықтау мен болдырмау, сондай-ақ, экстремистік және террористік бағыттағы қылмыстар, есірткі бизнесіне қарсы күрес, заңсыз көші-қон, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау мен қылмыстардың алдын алу сынды ішкі істер органдарының маңызды мәселеріне ерекше назар аударды². Тергеу жүргізу кезінде тергеуші азаматтардың, оның ішінде іс жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету қажет. Дәлелдемелерді жинау барысында адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп келтіруге, жауап алғанда қорқытуға, бопсалауға немесе өзге де заңсыз әрекеттерге қолдануға, ерекше жағдай болмаса тергеу амалдарын түнгі уақытта жүргізуге, басқа түрде адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға тыйым салады.

Әрбір тергеу әрекеті өзінің көптүрлі жеке ерекшеліктері бар. Бірақта тергеу әрекеттерін бөлшектеліп кеткен және дәлелдемелерді жинау әдісінің бір-бірінен тәуелсіз деп қарауға да болмайды, олар біркелкі біріккен жүйені құрайды, бұлар олардың өзара ішкі байланыстары мен тәртіптілігінен көрінеді. Барлық тергеу әрекеттері жалпы құқықтық конструкцияны құрайды (гипотеза, диспозиция, санкция). Бұлар тең түрде қылмыстық процестің қағидаларына және қоғамның әлеуметтік және әдептілік талаптарына бағынышты. Бұлардың негізінде толушылық және куәландыратын операциялар жатыр. Жалғыз толушылық негіз, жалғыз құқықтық және әдептілік талаптар тергеу әрекеттерінің жиынтығына ішкі тұтастығын және ұйымшылдығын береді.

Тергеушінің тәжірибелік әрекеттерінде бұл байланыстар әртүрлі формада кездесуі мүмкін. Тергеуші дәлелдемелер алу үшін қандай тергеу әрекеттерін жүргізуге құқылы. Ешқандай күдіксіз бұндай әрекеттердің қатарына жауап алу (айыпкерден, сезіктіден, жәбірленушіден және куәдан) енеді және т. б.

Қылмыстылықпен күресте сәттілік көбіне тергеулік әрекеттерді жүргізуімен анықталады. Оның ішінде орталық орынды жауап алу иеленген. Процессуалды және психология жағынан олар күрделі тергеулік әрекет болып табылады.

Сонымен бірге, заң нормасында көрсетілгендей, сезікті, айыпталушы, қорғаушы, жеке айыптаушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері,

сондай-ақ, кез-келген азаматтар мен ұйымдар дәлел бола алатын ауызша да, жазбаша да нысандағы мәліметтерді, сондай-ақ, заттар мен құжаттарды ұсынуға құқылы.

Қорыта келгенде, қылмыстық процесті жүргізуші орган дәлелдемелер жинауды қоғам мүшелерімен тығыз байланысты жүзеге асырады. Сондай-ақ, дәлелдеу процесінің осы сатысында деректік мәліметтерді табу, бекіту және алу үшін сезіктімен, айыпкермен, жәбірленушімен, куәгермен құқықтық қатынасқа түсуге тура келеді. Сол себепті де дәлелдемелер жинау сатысында, дәлелдеу процесінің басқа сатысына қарағанда, субъектілер адамгершілік қатынастарға жиі түседі деген ойдамыз.

¹ Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. 2009. 28 тамыз.

² Маңызды мәселелер талқыланды // Полиция KZ. — 2014. № 1. — 10-11 бб.